Конкурстық құжаттамаға
14-қосымша

Сатып алынатың құрылысқа байланысты емес жұмыстардың техникалық ерекшелігі (тапсырыс беруші толтырылады)

Тапсырыс берушінің атауы	"Алатау қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй испекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесі
Ұйымдастырушының атауы	"Алатау қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
Лоттың №	88726917
Лоттың атауы	Работы по текущему ремонту жилых зданий/сооружений/помещений
Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодының атауы:	410030.200.000004
Жұмыстың атауы:	Работы по текущему ремонту жилых зданий/сооружений/помещений
Өлшем бірлігі:	Жұмыс
Саны (көлемі):	1
Қосылған құн салығын есептемегенде бірлік бағасы:	60344827.59
Қосылған құн салығын қоспағанда, сатып алуға бөлінген жалпы сома:	60344827.59
Жұмыстарды орындау мерзімі:	келісім шартқа отырған күннен бастап 31 желтоқсанға дейін 2026 жыл
Жұмыстарды орындау орны:	Алматы облысы, Алатау қ. Жетіген ш.а. Құдайбергенов к-сі 2А
Аванстық төлем мөлшері:	0
Кепілдік мерзімі (айлармен)	12

Талап етілетін сипаттамалардың, параметрлердің және өзге де бастапқы деректердің сипаттамасы:	ТЕХНИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІК Сатып алудың атауы: Алматы облысы Алатау қаласының ДОС шағын ауданындағы көппәтерлі тұрғын үйдің пәтерлері мен кіреберісіне ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу. 1. Жалпы ережелер 1.1. Осы техникалық ерекшелік Алматы облысы Алатау қаласының ДОС шағын ауданында орналасқан көппәтерлі тұрғын үйдің екі бөлмелі және үш бөлмелі пәтерлеріне, сондай-ақ кіреберісіне ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізудің құрамына, көлеміне, сапасына және орындалу тәртібіне қойылатын талаптарды белгілейді. 1.2. Мердігер бекітілген сметалық құжаттамаға, осы техникалық ерекшелікке және Қазақстан Республикасының қолданыстағы құрылыс нормаларына сәйкес бөлшектеу, жалпы құрылыс, әрлеу, сантехникалық, электр монтаждау және өзге де ілеспе жұмыстардың толық кешенін орындауға міндетті. 1.3. Барлық жұмыстар мердігердің өз күшімен және қаражатымен, қажетті құрылыс материалдарын, жабдықтарды, құрал-саймандарды, механизмдерді, көлік құралдарын және білікті мамандарды пайдалана отырып орындалуы тиіс. 1.4. Жұмыстардың құнына құрылыс материалдарын сатып алу және жеткізу, бөлшектеу және монтаждау, тиеу-түсіру, құрылыс қалдықтарын шығару және кәдеге жарату, сынақтан өткізу, үй-жайларды тазалау және нысанды тапсырыс берушіге тапсыру бойынша мердігердің барлық шығындары енгізілуі тиіс. 1.5. Мердігер жөндеу жұмыстары жүргізілетін аумақтағы қолданыстағы инженерлік коммуникациялардың, ғимараттың көтергіш конструкцияларының, ортақ мүліктің және үшінші тұлғалардың мүлкінің сақталуына жауапты болады. 2. Жұмыстардың құрамы мен көлемі 2.1. Бөлшектеу жұмыстары Екі бөлмелі және үш бөлмелі пәтерлерде мынадай жұмыстарды орындау көзделеді: Қабырғалар мен төбелерді ескі сылақтан, әктен, тұсқағаздардан және бояудан тазалау; Қабырғалардағы керамикалық тақтайшаларды бөлшектеу; Ағаш еден жабындарын, линолеумды және керамикалық еден тақтайшаларын бөлшектеу; Ағаш, пластик және керамикалық ернеуліктерді бөлшектеу; Қолданыстағы терезе және есік блоктарын бөлшектеу; Су құбыры мен кәріз жүйелерінің ескі құбырларын бөлшектеу; Электр ажыратқыштарын, розеткаларды және жарықтандыру құрылғыларын бөлшектеу; Қолданыстағы сантехникалық жабдықтарды, араластырғыштарды және металл қоршауларды бөлшектеу; Құрылыс қалдықтарын жинау, тиеу, тасымалдау және белгіленген орындарға шығару. Бөлшектеу жұмыстары ғимараттың көтергіш конструкцияларына, қолданыстағы инженерлік желілеріне және ауыстыру көзделмеген элементтеріне зақым келтірмей, ұқыпты орындалуы тиіс. 2.2. Жалпы құрылыс және әрлеу жұмыстары Мердігер келесі жұмыстарды орындауға міндетті: Цементті еден тұтастырғышын орнату; Еденге линолеум төсеу; Керамикалық еден тақтайшаларын төсеу; Пластик және керамикалық ернеуліктерді орнату; Қабырғаларды сылау, тегістеу және бояуға дайындау; Қабырғаларды су эмульсиялы бояумен бояу; Қабырғаларды керамикалық тақтайшалармен қаптау; Металл қаңқасы бар аспалы төбелерді орнату; Төбелерді тегістеу және бояу; Сәндік төбе ернеуліктерін орнату; Металл және ПВХ есік блоктарын орнату; ПВХ терезе блоктарын және терезе алды тақтайларын

	орнату; Сметалық құжаттамада көзделген металл конструкцияларды орнату; Металл сайдингпен қаптау жұмыстарын орындау. Жөндеу аяқталғаннан кейін барлық қабырғалар, төбелер және еден жабындары тегіс, сапалы, жарықтарсыз, ісінулерсіз, дақтарсыз және өзге де көрінетін ақауларсыз болуы тиіс. 2.3. Сумен жабдықтау және кәріз жүйелері Мердігер сметалық құжаттамада көзделген көлемде келесі жұмыстарды орындауға міндетті: Ескі су құбыры мен кәріз құбырларын ауыстыру; Полимерлі су құбырларын монтаждау; ПВХ кәріз құбырларын орнату; Унитаздар мен су ағызу бачоктарын орнату; Ванналарды орнату; Асүй раковиналарын орнату; Қолжуғыштарды орнату; Су араластырғыштарын орнату; Су жылытқыш жабдықтарды орнату; Барлық сантехникалық жабдықтарды қолданыстағы инженерлік желілерге қосу. Монтаждау жұмыстары аяқталғаннан кейін мердігер барлық құбырлардың қосылыстарының герметикалығын, сантехникалық жабдықтардың жарамдылығын, сумен жабдықтау және кәріз жүйелерінің дұрыс жұмыс істеуін тексеруге міндетті. Анықталған су ағу, қосылыстардың герметикалығының бұзылуы және басқа да ақаулар мердігердің өз қаражаты есебінен жойылуы тиіс. 2.4. Электр монтаждау жұмыстары Мердігер келесі жұмыстарды орындауға міндетті: Электр кабельдерін қабырғаларға жасырын және ашық тәсілмен төсеу; Электр сымдарын тарту және қосу; Электр розеткаларын орнату; Электр ажыратқыштарын орнату; Тарату қораптарын орнату; Жарықдиодты жарықтандыру құрылғыларын орнату; Электр жабдықтарын қолданыстағы электр желісіне қосу; Электр жүйесінің жұмысқа жарамдылығын тексеру. Барлық электр монтаждау жұмыстары электр қауіпсіздігі талаптарына сәйкес орындалуы тиіс. Жұмыстар аяқталғаннан кейін мердігер электр жабдықтарының дұрыс қосылғанын, розеткалардың, ажыратқыштардың және жарықтандыру құрылғыларының жұмыс істеуін тексеруге міндетті. 3. Құрылыс материалдары мен жабдықтарға қойылатын талаптар 3.1. Жөндеу жұмыстарына қолданылатын барлық құрылыс, әрлеу, сантехникалық және электротехникалық материалдар жаңа, бұрын пайдаланылмаған, Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік талаптарына және бекітілген сметалық құжаттамаға сәйкес болуы тиіс. 3.2. Бұрын пайдаланылған, зақымдалған, сапасыз, жарамдылық мерзімі өткен немесе техникалық талаптарға сәйкес келмейтін материалдарды қолдануға жол берілмейді. 3.3. Тапсырыс берушінің талабы бойынша мердігер материалдардың сапасын және техникалық сипаттамаларын растайтын құжаттарды, оның ішінде заңнамада көзделген жағдайда сапа паспорттарын, сәйкестік сертификаттарын және декларацияларды ұсынуға міндетті. 3.4. Қабырғалар мен төбелердің түсі, линолеумның, керамикалық тақтайшалардың, есік және терезе конструкцияларының түрлері мен түстері сметалық құжаттамада белгіленген техникалық сипаттамалар шегінде тапсырыс берушімен алдын ала келісілуі тиіс. 3.5. Сметалық құжаттамада көзделген материалдарды басқа материалдармен ауыстыруға тек тапсырыс берушімен келісілген және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптар сақталған жағдайда жол беріледі. 4. Жұмыстарды ұйымдастыруға

	қойылатын талаптар 4.1. Жөндеу жұмыстары басталғанға дейін мердігер нысанды қарап, үй-жайлардың нақты техникалық жай-күйін, инженерлік коммуникациялардың орналасуын және жөндеу жұмыстарының орындалу реттілігін анықтауға міндетті. 4.2. Мердігер жұмыстарды орындау жоспарын әзірлеп, оны тапсырыс берушімен келісуге міндетті. 4.3. Жұмыстарды орындау жоспарында келесі мәліметтер қамтылуы тиіс: Жөндеу жұмыстарының күнтізбелік кестесі; Бөлшектеу, жалпы құрылыс, сантехникалық, электр монтаждау және әрлеу жұмыстарының орындалу реттілігі; Жұмыстарға тартылатын жұмысшылар мен мамандардың саны; Қолданылатын құрылыс техникасы, механизмдер мен жабдықтар; Құрылыс материалдарын жеткізу кестесі; Еңбек қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі шаралары; Құрылыс қалдықтарын жинау және шығару тәртібі; Жұмыстар аяқталғаннан кейін үй-жайларды тазалау және нысанды тапсыру тәртібі. 4.4. Мердігер жұмыстарды белгіленген мерзімде және сапалы орындау үшін қажетті материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз етілуі тиіс. 4.5. Көппәтерлі тұрғын үйде жұмыстарды жүргізу кезінде мердігер тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, шу шығаратын жұмыстардың белгіленген уақыт тәртібін сақтауға және ғимараттың пайдаланылып жатқан бөліктеріне кедергі келтірмеуге міндетті. 4.6. Құрылыс материалдарын және қалдықтарды тұрғындардың жүріп-тұруына, инженерлік коммуникацияларға қол жеткізуіне кедергі келтіретін немесе қауіп төндіретін орындарға жинауға тыйым салынады. 5. Әлеуетті өнім берушіге қойылатын талаптар 5.1. Әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында тиісті сатып алу тәсілі мен нысанасына белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес болуы тиіс. 5.2. Конкурс өткізу кезінде тапсырыс беруші заңнамада белгіленген шектерде әлеуетті өнім берушінің қажетті материалдық-техникалық базасының, құрылыс жабдықтарының, механизмдерінің және еңбек ресурстарының бар екенін растайтын құжаттарды ұсыну талаптарын көздейді. 5.3. Мердігер жөндеу жұмыстары басталғанға дейін тапсырыс берушіге жұмыстарды орындау жоспарын және күнтізбелік жұмыс кестесін ұсынып, келісуге міндетті. 5.4. Жұмыстарды орындау жоспарын конкурсқа қатысу өтінімінің құрамында міндетті құжат ретінде ұсыну талабы тиісті құқықтық негіз болған жағдайда ғана белгіленеді. 5.5. Мердігер нысанда жауапты өкілінің болуын, орындалатын жұмыстардың сапасын тұрақты бақылауды және тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктердің уақтылы жойылуын қамтамасыз етуге міндетті. 6. Үй-жайларды тазалау және құрылыс қалдықтарын шығару талаптары 6.1. Мердігер жөндеу жұмыстары барысында пайда болған барлық құрылыс қалдықтарын өз күшімен және өз қаражаты есебінен жинауға, тиеуге, тасымалдауға және белгіленген орындарға шығаруға міндетті. 6.2. Құрылыс қалдықтарын шығару және кәдеге жарату экологиялық және санитариялық талаптарға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. 6.3. Құрылыс қалдықтарын пәтерлерде, кіреберісте, баспалдақ алаңдарында, тұрғын үйдің ауласында және өзге де ортақ пайдаланылатын орындарда жинап қалдыруға жол берілмейді. 6.4.

	Жөндеу жұмыстары толық аяқталғаннан кейін мердігер әрбір жөнделген пәтерге толық тазалау жұмыстарын жүргізуге міндетті. Атап айтқанда: Едендерді, қабырғаларды, терезелерді, есіктерді және терезе алды тақтайларын құрылыс шаңынан, бояу, желім, сылақ және ерітінді қалдықтарынан тазалау; Еден жабындарын, керамикалық тақтайшаларды және сантехникалық жабдықтарды жуу; Терезе әйнектерін, терезе жақтауларын және терезе алды тақтайларын толық тазалау; Электр ажыратқыштарын, розеткаларды, жарықтандыру құрылғыларын және есік тұтқаларын тазалау; Құрылыс материалдарының қалдықтарын, қаптамаларды, құбырлар мен электр сымдарының кесінділерін және басқа да қалдықтарды толық шығару; Асүйді, санитариялық тораптарды, дәліздерді және тұрғын бөлмелерді толық ылғалды тазалаудан өткізу. 6.5. Жөндеу жұмыстары барысында ластанған кіреберіс, баспалдақ алаңдары, дәліздер және басқа да ортақ пайдаланылатын орындар мердігердің есебінен толық тазалануы тиіс. 6.6. Мердігер әрбір пәтерді жөндеу жұмыстары толық аяқталған, барлық құрылыс қалдықтарынан тазартылған, таза, қауіпсіз және пайдалануға дайын күйде тапсырыс берушіге тапсыруға міндетті. 6.7. Егер пәтерлерде құрылыс қалдықтары, шаң, бояу дақтары, ерітінді қалдықтары немесе өзге де ластанулар анықталса, тапсырыс беруші оларды толық жоюды талап етуге құқылы. 6.8. Үй-жайлар толық тазартылмайынша және анықталған кемшіліктер жойылмайынша, тиісті жұмыстарды қабылдау құжаттарына қол қою мәселесі шешілмейді. 7. Жұмыстардың сапасын бақылау және қабылдау тәртібі 7.1. Тапсырыс беруші орындалатын жұмыстардың бекітілген сметалық құжаттамаға, осы техникалық ерекшелікке және Қазақстан Республикасының қолданыстағы құрылыс нормаларына сәйкестігін бақылауды жүзеге асырады. 7.2. Мердігер кейінгі әрлеу немесе құрылыс конструкцияларымен жабылатын жасырын жұмыстарды тапсырыс берушінің тексеруіне ұсынуға міндетті. 7.3. Жұмыстар аяқталғаннан кейін мердігер келесі элементтердің жарамдылығын тексеруге міндетті: Орнатылған терезелер мен есіктердің ашылуы және жабылуы; Есік құлыптары мен тұтқаларының жұмыс істеуі; Сумен жабдықтау және көріз жүйелерінің герметикалығы; Сантехникалық жабдықтардың жарамдылығы; Электр розеткалары мен ажыратқыштарының жұмыс істеуі; Жарықтандыру құрылғыларының жарамдылығы; Еден, қабырға және төбе жабындарының сапасы. 7.4. Сапасыз орындалған жұмыстар, құрылыс ақаулары, зақымданулар немесе сметалық құжаттамадан ауытқулар анықталған жағдайда мердігер оларды өз қаражаты есебінен тапсырыс берушімен келісілген мерзімде жоюға міндетті. 7.5. Жұмыстар шартта көзделген барлық көлем толық орындалғаннан, анықталған кемшіліктер жойылғаннан, құрылыс қалдықтары шығарылғаннан, пәтерлер мен кіреберіс тазаланғаннан және тиісті қабылдау құжаттарына белгіленген тәртіппен қол қойылғаннан кейін аяқталған болып есептеледі. 8. Мердігердің жауапкершілігі 8.1. Мердігер орындалатын жұмыстардың сапасына, мерзіміне және толық көлемде орындалуына Қазақстан Республикасының заңнамасына және мемлекеттік сатып алу туралы шарттың талаптарына сәйкес

	жауапты болады. 8.2. Жөндеу жұмыстары барысында мердігердің кінәсінен инженерлік коммуникацияларға, ғимарат конструкцияларына, тұрғындардың мүлкіне немесе ортақ пайдаланылатын мүлікке зақым келтірілген жағдайда, оларды қалпына келтіру мердігердің өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады. 8.3. Мердігер еңбек қауіпсіздігі, техника қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі, санитариялық және экологиялық талаптарды сақтауға міндетті. 8.4. Мердігер тапсырыс берушінің тиісті келісімінсіз жұмыс көлемдерін азайтуға, құрылыс материалдарының техникалық сипаттамаларын өзгертуге немесе сметалық құжаттамада көзделген жұмыстарды басқа жұмыстармен алмастыруға құқылы емес. 9. Қорытынды ережелер 9.1. Барлық жөндеу жұмыстары мемлекеттік сатып алу туралы шартта белгіленген мерзімде, толық көлемде және сапалы орындалуы тиіс. 9.2. Жұмыстарды орындау барысында мердігер бекітілген сметалық құжаттаманы, осы техникалық ерекшелікті және Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік талаптарын басшылыққа алуға міндетті. 9.3. Жұмыстарды орындауға байланысты барлық ілеспе шығындар, оның ішінде материалдарды жеткізу, тиеу- түсіру, монтаждау, бөлшектеу, сынақтан өткізу, құрылыс қалдықтарын шығару және үй-жайларды тазалау шығындары шарттың жалпы құнына енгізілуі тиіс. 9.4. Мердігер жөндеу жұмыстары жүргізілген барлық пәтерлерді, кіреберісті және жөндеу барысында пайдаланылған ортақ аумақтарды толық тазалап, құрылыс қалдықтарынан босатып, пайдалануға дайын күйде тапсыруға міндетті. 9.5. Жұмыстар толық аяқталмайынша, анықталған ақаулар жойылмайынша және нысан тиісті санитариялық жағдайға келтірілмейінше, жұмыстарды түпкілікті қабылдау жүзеге асырылмайды. 9.6. Осы техникалық ерекшелік бекітілген сметалық құжаттамамен бірге қолданылады және мердігер үшін міндетті болып табылады.
Әлеуетті өнім берушіні жеңімпаз деп айқындаған және онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасқан жағдайда әлеуетті өнім берушіге қойылатын талаптар(қажет болған жағдайда көрсетіледі) (көрсетілген мәліметтерді көрсетпегені және ұсынбағаны үшін әлеуетті өнім берушіні қабылдамауға әлеуетті өнім берушіні қабылдамауға жол берілмейді)	

* мәліметтер мемлекеттік сатып алу жоспарынан алынады (автоматты түрде көрсетіледі).
Ескертпе.
1. Әрбір талап етілетін сипаттамалар, өлшемдер, бастапқы деректер және қосымша шарттар жеке жолда көрсетіледі.
2. Техникалық ерекшелікте әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.

3. Өзге құжаттарда техникалық ерекшеліктің талаптарын белгілеуге жол берілмейді.

Приложение 14
к конкурсной документации

Техническая спецификация закупаемых работ, не связанных со строительством (заполняется заказчиком)

Наименование заказчика	Государственное учреждение "Отдел жилищно-коммунального хозяйства и жилищной инспекции города Алатау"
Наименование организатора	Государственное учреждение "Аппарат акима города Алатау"
Номер лота	88726917
Наименование лота:	Работы по текущему ремонту жилых зданий/сооружений/помещений
Наименование кода Единого номенклатурного справочника товаров, работ, услуг:	410030.200.000004
Наименование работы:	Работы по текущему ремонту жилых зданий/сооружений/помещений
Единица измерения:	Работа
Количество(объем):	1
Цена за единицу, без учета налога на добавленную стоимость:	60344827.59
Общая сумма, выделенная для закупки, без учета налога на добавленную стоимость:	60344827.59
Срок выполнения работы:	31 декабря 2026 года после заключения договора
Место выполнения работы:	Алматинская область, г.Алатау Жетіген ш.а. Құдайбергенов к-сі 2А
Размер авансового платежа:	0
Гарантийный срок (в месяцах)	12

Описание требуемых характеристик, параметров и иных исходных данных	ТЕХНИЧЕСКАЯ СПЕЦИФИКАЦИЯ Наименование закупки: Работы по текущему ремонту квартир и подъезда многоквартирного жилого дома в микрорайоне ДОС города Алатау Алматинской области. 1. Общие положения 1.1. Настоящая техническая спецификация устанавливает требования к составу, объемам, качеству и порядку выполнения работ по текущему ремонту двухкомнатных и трехкомнатных квартир, а также подъезда многоквартирного жилого дома, расположенного в микрорайоне ДОС города Алатау Алматинской области. 1.2. Подрядчик обязан выполнить полный комплекс ремонтно-строительных, демонтажных, отделочных, сантехнических, электромонтажных и сопутствующих работ в соответствии с утвержденной сметной документацией, настоящей технической спецификацией и действующими строительными нормами Республики Казахстан. 1.3. Все работы выполняются силами и средствами подрядчика, с использованием необходимых строительных материалов, оборудования, инструментов, механизмов, транспорта и квалифицированного персонала. 1.4. Стоимость работ должна включать все расходы подрядчика, связанные с приобретением и доставкой материалов, демонтажем, монтажом, погрузкой, вывозом и утилизацией строительного мусора, испытаниями, уборкой помещений и сдачей объекта заказчику. 1.5. Подрядчик несет ответственность за сохранность существующих инженерных коммуникаций, несущих конструкций, общедомового имущества и имущества третьих лиц, находящегося в зоне выполнения работ. 2. Состав и объемы работ 2.1. Демонтажные работы В двухкомнатных и трехкомнатных квартирах предусматриваются: - Очистка стен и потолков от существующих отделочных покрытий. - Демонтаж керамической плитки, деревянных полов, линолеума и плинтусов. - Демонтаж существующих оконных и дверных блоков. - Демонтаж участков водопровода и канализации. - Демонтаж электрических выключателей, розеток и светильников. - Демонтаж сантехнических приборов, смесителей и металлических ограждений. - Сбор, погрузка, транспортировка и вывоз строительного мусора. Демонтаж необходимо выполнять аккуратно, не допуская повреждения несущих конструкций, инженерных сетей и элементов здания, не предусмотренных к замене. 2.2. Общестроительные и отделочные работы Подрядчик обязан выполнить устройство цементных стяжек, укладку линолеума и керамической плитки, установку плинтусов, подготовку и окраску стен и потолков, устройство подвесных потолков, монтаж дверных и оконных блоков, подоконников, а также предусмотренных сметой металлических конструкций и облицовки. Поверхности после завершения работ должны быть ровными, без трещин, отслоений, вздутий, пятен и иных видимых дефектов. 2.3. Водоснабжение и канализация Предусматривается замена предусмотренных сметой участков трубопроводов, установка сантехнических приборов, смесителей и водонагревательного оборудования. После монтажа подрядчик обязан проверить герметичность соединений, исправность сантехнических приборов, работоспособность систем водоснабжения и канализации, устранить выявленные протечки и неисправности.

	2.4. Электромонтажные работы Предусматривается прокладка кабельных линий, установка розеток, выключателей, распределительных коробок и осветительных приборов. Все электротехнические работы должны выполняться с соблюдением требований электробезопасности. По окончании необходимо проверить исправность оборудования, правильность подключения и работоспособность электросети. 3. Требования к строительным материалам и оборудованию 3.1. Все применяемые строительные, отделочные, сантехнические и электротехнические материалы должны быть новыми, ранее не использованными, соответствовать требованиям действующих нормативных документов и утвержденной сметной документации. 3.2. Не допускается применение бывших в употреблении, поврежденных, некачественных материалов, а также материалов с истекшим сроком годности. 3.3. По требованию заказчика подрядчик обязан предоставить паспорта качества, сертификаты соответствия, декларации и другие документы, подтверждающие характеристики применяемых материалов, если такие документы предусмотрены законодательством. 3.4. Цветовые решения, фактура отделочных материалов, типы линолеума, керамической плитки, дверных и оконных конструкций должны быть предварительно согласованы с заказчиком в пределах характеристик, предусмотренных сметной документацией. 3.5. Замена предусмотренных сметой материалов допускается только по согласованию с заказчиком, при условии соответствия установленным техническим характеристикам и требованиям законодательства. 4. Требования к организации выполнения работ 4.1. До начала выполнения работ подрядчик обязан провести обследование помещений, уточнить фактическое состояние конструкций и инженерных коммуникаций, организовать рабочие места и согласовать с заказчиком последовательность проведения ремонтных работ. 4.2. Подрядчик обязан разработать план производства работ, предусматривающий сроки и последовательность выполнения демонтажных, общестроительных, сантехнических, электромонтажных, отделочных и завершающих работ. 4.3. План производства работ должен включать календарный график, потребность в трудовых ресурсах, строительных механизмах и оборудовании, порядок поставки материалов, мероприятия по охране труда, пожарной безопасности, уборке и вывозу строительного мусора. 4.4. Подрядчик должен располагать материально-техническими ресурсами, необходимыми для своевременного и качественного выполнения предусмотренного объема работ. 4.5. При выполнении работ в многоквартирном жилом доме подрядчик обязан соблюдать установленный режим проведения шумных работ, обеспечивать безопасность жильцов и свободный доступ к действующим помещениям, если это не противоречит требованиям безопасности. 4.6. Запрещается складирование строительных материалов и отходов в местах общего пользования, если это препятствует проходу жильцов, доступу к инженерным коммуникациям либо создает угрозу безопасности. 5. Требования к потенциальному поставщику 5.1. Потенциальный поставщик должен соответствовать квалификационным

	требованиям, установленным законодательством Республики Казахстан о государственных закупках для соответствующего способа закупки и предмета договора. 5.2. При проведении конкурса заказчик предусматривает в конкурсной документации, в пределах установленных законодательством требований, предоставление потенциальным поставщиком документов, подтверждающих наличие необходимой материально-технической базы, оборудования, механизмов и трудовых ресурсов. 5.3. План производства работ, включая календарный график выполнения работ, должен быть представлен подрядчиком заказчику до начала выполнения работ и согласован с ним. 5.4. Включение плана производства работ непосредственно в состав конкурсной заявки в качестве обязательного документа допускается только при наличии соответствующего правового основания. 5.5. Подрядчик обязан обеспечить присутствие ответственного представителя на объекте, осуществлять контроль качества выполняемых работ и своевременно устранять замечания заказчика. 6. Требования к уборке и вывозу строительного мусора 6.1. Подрядчик обязан самостоятельно и за собственный счет обеспечить сбор, погрузку, транспортировку и вывоз строительного мусора, образовавшегося в процессе выполнения ремонтных работ. 6.2. Строительные отходы должны вывозиться в установленные для этого места с соблюдением экологических и санитарных требований. 6.3. Не допускается накопление строительного мусора в квартирах, подъезде, на лестничных площадках, придомовой территории и в иных местах общего пользования. 6.4. После завершения ремонтных работ подрядчик обязан выполнить полную уборку каждой отремонтированной квартиры, в том числе: - Очистить полы, стены, подоконники, оконные и дверные блоки от строительной пыли, раствора, краски, клея и других загрязнений. - Вымыть напольные покрытия, керамическую плитку, сантехнические приборы, оконные стекла и подоконники. - Очистить выключатели, розетки, светильники, двери, дверную фурнитуру и другие установленные элементы. - Удалить остатки строительных материалов, упаковку, обрезки труб, проводов и прочие отходы. - Выполнить влажную уборку всех помещений, включая кухни, санитарные узлы, коридоры и жилые комнаты. 6.5. Подъезд, лестничные площадки и места общего пользования, загрязненные в результате проведения ремонта, также подлежат полной очистке и уборке. 6.6. Квартиры должны передаваться заказчику в полностью отремонтированном, чистом, безопасном и пригодном для эксплуатации состоянии. 6.7. При наличии строительного мусора, загрязнений, повреждений отделки либо иных недостатков заказчик вправе потребовать их устранения до подписания документов о приемке выполненных работ. 7. Контроль качества и приемка работ 7.1. Заказчик осуществляет контроль соответствия выполняемых работ утвержденной сметной документации, настоящей технической спецификации и требованиям действующих строительных норм. 7.2. Подрядчик обязан обеспечить возможность проверки скрытых работ до их закрытия последующими конструкциями и отделочными материалами.

	7.3. По завершении работ подрядчик обязан проверить исправность установленных окон, дверей, замков, сантехнических приборов, водопроводных и канализационных систем, розеток, выключателей и осветительных приборов. 7.4. При выявлении дефектов, некачественно выполненных работ, повреждений либо несоответствий сметной документации подрядчик обязан устранить их за собственный счет в согласованные с заказчиком сроки. 7.5. Работы считаются завершенными после выполнения полного предусмотренного договором объема, устранения выявленных замечаний, вывоза строительного мусора, уборки помещений и подписания документов о приемке в установленном порядке. 8. Ответственность подрядчика 8.1. Подрядчик несет ответственность за качество, сроки и полноту выполнения работ в соответствии с условиями договора и законодательством Республики Казахстан. 8.2. В случае повреждения инженерных коммуникаций, конструктивных элементов здания, имущества жильцов либо общедомового имущества по вине подрядчика восстановление осуществляется за его счет. 8.3. Подрядчик обязан соблюдать требования охраны труда, техники безопасности, пожарной безопасности, санитарных и экологических норм. 8.4. Подрядчик не вправе самостоятельно уменьшать объемы работ, изменять технические характеристики материалов либо заменять предусмотренные сметой работы без надлежащего согласования. 9. Заключительные положения 9.1. Все работы должны быть выполнены в полном объеме, качественно и в сроки, предусмотренные договором о государственных закупках. 9.2. При выполнении работ подрядчик руководствуется утвержденной сметной документацией, настоящей технической спецификацией и действующими нормативными требованиями Республики Казахстан. 9.3. Все сопутствующие расходы, необходимые для выполнения предусмотренных договором работ, включая транспортировку, погрузочно-разгрузочные работы, расходные материалы, испытания, уборку и вывоз мусора, учитываются в стоимости договора. 9.4. Сдача объекта допускается только после полного завершения ремонтных работ и приведения квартир, подъезда и затронутых ремонтом мест общего пользования в надлежащее санитарное состояние.
Условия к потенциальному поставщику в случае определения его победителем и заключения с ним договора о государственных закупках (указываются при необходимости) (Отклонение потенциального поставщика за не указание и непредставление указанных сведений не допускается)	

* сведения подтягиваются из плана государственных закупок (отображаются автоматически).
Примечание.
1. Каждые требуемые характеристики, параметры, исходные данные и дополнительные условия указываются отдельной строкой.
2. Установление в технической спецификации квалификационных требований, предъявляемых к потенциальному поставщику, не допускается.
3. Установление требований технической спецификации в иных документах не допускается.